

**Жалпымектептік ата-аналар жиналысының  
№5 хаттамасы**

**Өткен уақыты:** 26 сәуір 2025ж

**Қатысушылар саны:** 150

**Қатысқандар:** : директор, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, ата-аналар, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, «Сарыайшық» ауданы полиция Басқармасының өкілдері, медицина қызметкері.

**Күн тәртібінде:**

1. Білім алушыларды жазғы мектеп жанындағы, қала сырты демалысы және жазғы жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы. Директордың тәрбие орынбасарлары Саттыбаева К.К., Бутаханова А.С.
2. Оқушылардың жазғы кезеңіндегі өмір қауіпсіздігі. Баяндамашы Тулеубеков А.Ж.- АӘДТ педагог-ұйымдастырушы.
3. Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алуды ұйымдастыру және су қоймаларында қауіпсіздікті сақтау талаптары туралы. «Сарыайшық» ауданы полициясының аға лейтенанты Н.М.Молдабек пен лейтенанты Н.Н.Сартаева, Тулеубеков А.Ж.- АӘДТ педагог-ұйымдастырушы.
4. Мектеп жанындағы лагерьдегі жұмысты ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. Касенова Л.К. – медқызметкер.
- 5.

**Тыңдалды:**

**1 –мәселе бойынша** Директордың тәрбие орынбасарлары Қ.Қ.Саттыбаева, Бутаханова А.С. сөз сөйледі. Олар балаларды жазғы жұмыспен қамтуды ұйымдастыру бойынша қандай іс-шаралар жоспарланып отырғаны туралы айтып берді. Жазғы ашық алаң 2 маусымнан тұрады. Әр маусым 10 күнді құрайды: I маусым - 16 - 27 маусым; II маусым - 16 - 27 маусым; . Әр топта - 20-25 бала, 6-16 жас аралығындағы балалар. Жұмыс уақыты - сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін (түске дейін) лагерьге ақылы қызмет көрсетілетіні айтты

Сондай-ақ, «Жасыл мектеп» лагерьі мектеп ауласын көгалдандыру бойынша жұмыс жасайтыны туралы және жабдықталған арнайы кабинеттерде "Қолөнер", "Шахмат", "Робототехника", "Сурет салу", "Театр", "Вокал", "Хореография", "Қызықты қазақ тілі", "Ағылшын тілі", "Волейбол", "Футбол", "Тоғызқұмалақ" жазғы мектебінің сабақтары, Асық ату, "Дебат", "Үстел теннисі", "Гимнастика", "Домбыра" «Гитара», "Жас эколог", "Ментальді арифметика", «Инклюзия» ІТ-сыныпта робототехникасы, бағдарламалау бойынша сабақтар өткізілетінін және STEM Academia компаниясы платформа базасында оқыту жүргізілетінін атап өтті. Сонымен қатар, ұлттық құндылықты және ұлттық салт –дәстүрді насихатау мақсатында «Атамекен» этнолагері жұмыс жасайтынын айтты. Сонымен қатар, қала сыртындағы 2025 жазғы лагерьлер туралы мәлімет берілді.

**2 мәселе бойынша** «Сарыайшық» ауданы полициясының аға лейтенанты Н.М.Молдабек пен лейтенанты Н.Н.Сартаева және Тулеубеков А.Ж.- АӘДТ педагог-ұйымдастырушы сөз сөйледі. оқушылардың өмір қауіпсіздігіне балалардың жазғы демалыс кезінде ойын алаңдарын пайдалану кезіндегі сақтық шаралар, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша, жазғы мезгілде судағы және жолда жүру қауіпсіздік ережелерін таныстырды. Қазіргі уақытта қала көлемінде және білім беру ұйымында оқыс оқиғалардың орын алуына байланысты ата-аналарға бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарауға шақырды.

**3 мәселе бойынша** Мектеп жанындағы лагерьдегі жұмысты ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар мәселесі бойынша мектептің медқызметкері Л.К.Касенова сөз сөйледі.

**Шешім:**

1. Ата-аналар балалардың жазғы жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері туралы ақпаратты назарға алып, балалармен осы мүмкіндіктерді талқыласын.
2. Сынып жетекшілер сыныпта жазғы қауіпсіздік бойынша сынып сағаты және ата-аналар жиналысын өткізсін.



3. Мектеп бас бухгалтері сауықтыру лагерлері бойынша мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша хабарландыруды ұйымдастырсын.
4. Мектеп лагерінің басшысы, бейіндік лагерінің жетекшілері БАҚ-та және мектептің әлеуметтік желілерде ақпараттық жария етуді қамтамасыз етсін
5. Ата-аналармен өзара іс-қимыл жасау және жазғы кезеңде бірлескен іс-шаралар өткізу нысандарын кеңейту
6. Оқушылардың өмір қауіпсіздігінде ата-ана мен мектептің жауапкершілігі күшейтілсін

Директор

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы



Такебаев Р.М.

Людвиг Е.Г.